

ISSN 1999-4214 (print)

ISSN 2957-5095 (online)

ЕУРАЗИЯ ГУМАНИТАРЛЫҚ ИНСТИТУТЫНЫҢ

ХАБАРШЫСЫ

ВЕСТНИК

ЕВРАЗИЙСКОГО
ГУМАНИТАРНОГО
ИНСТИТУТА

BULLETIN

OF THE EURASIAN HUMANITIES
INSTITUTE

№ 2/2023

Жылына 4 рет шығады
2001 ж. шыға бастаған

Выходит 4 раза в год
Начал издаваться с 2001 г.

Published 4 times a year
Began to be published in 2001

Астана, 2023

Бас редакторы **Дауренбекова Л.Н.**
А.Қ. Құсайынов атындағы Еуразия гуманитарлық институтының доценті,
филология ғылымдарының кандидаты, Астана, Қазақстан
Жауапты редактор **Алимбаев А.Е.**
А.Қ. Құсайынов атындағы Еуразия гуманитарлық институтының доценті,
философия докторы (PhD) Астана, Қазақстан

Редакция алқасы

Аймұхамбет Ж.Ә.	филология ғылымдарының докторы, профессор, Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Астана, Қазақстан
Ақтаева К.	филология ғылымдарының докторы, профессор, А. Мицкевич атындағы Польша университеті, Познань, Польша.
Әбсадық А.А.	филология ғылымдарының докторы, профессор, А. Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті, Қостанай, Қазақстан
Бредихин С.Н.	филология ғылымдарының докторы, профессор, Солтүстік Кавказ федералды университеті, Ставрополь, РФ
Гайнуллина Ф.А.	филология ғылымдарының кандидаты, доцент Ә. Бөкейхан атындағы университеті, Семей, Қазақстан
Ермекова Т.Н.	филология ғылымдарының докторы, профессор, Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті, Алматы, Қазақстан
Есиркепова К.Қ.	филология ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор, А. Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті, Қостанай, Қазақстан
Жүсіпов Н.Қ.	филология ғылымдарының докторы, профессор, Торайғыров университеті, Павлодар, Қазақстан
Курбанова М.М.	филология ғылымдарының докторы, профессор, Алишер Навои атындағы Ташкент мемлекеттік өзбек тілі мен әдебиеті университеті, Ташкент, Өзбекстан
Қамзабек Д.	ҚР ҰҒА академигі, филология ғылымдарының докторы, профессор, Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Астана, Қазақстан
Құрысжан Л.Ә.	филология ғылымдарының кандидаты, профессор, Ханкук шетелтану университеті, Сеул, Оңтүстік Корея
Онер М.	философия докторы (PhD), профессор, Эгей университеті, Измир, Туркия
Пименова М.В.	филология ғылымдарының докторы, профессор, Шет ел тілдері институты, Санкт-Петербург, РФ
Сайфулина Ф.С.	филология ғылымдарының докторы, профессор, Казан федералды университеті, Казан, Татарстан, РФ

Редакцияның мекенжайы: 010009, Астана қ., Жұмабаев даңғ., 4
Телефон/факс: (7172) 561 933; e-mail: eagi.vestnik@gmail.com, сайт: ojs.egi.kz

Еуразия гуманитарлық институтының Хабаршысы.

Меншіктенуші: «А.Қ. Құсайынов атындағы Еуразия гуманитарлық институты»

Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі Ақпарат комитетінде

қайта есепке қойылды. Тіркеу № KZ92VPY00046970 17.03.2022

Басуға 15.06.2023ж. қол қойылды. Пішімі 60*84 1\8. Қағаз офсеттік Көлемі. БТ.

Таралымы 200 дана. Бағасы келісім бойынша. Тапсырыс № 89

«Ақтаев У.Е.» баспасында басылып шықты

© А.Қ. Құсайынов атындағы Еуразия гуманитарлық институты

Главный редактор **Дауренбекова Л.Н.**
Кандидат филологических наук, доцент Евразийского гуманитарного института имени
А.К. Кусаинова, Астана, Казахстан

Ответственный редактор **Алимбаев А.Е.**
Доктор философии (PhD), доцент Евразийского гуманитарного института имени А.К. Кусаинова,
Астана, Казахстан

Редакционная коллегия

Аймухамбет Ж.А.	доктор филологических наук, профессор, ЕНУ имени Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан
Актаева К.	доктор филологических наук, профессор, университет имени Адама Мицкевича, Познань, Польша.
Абсадық А.А.	доктор филологических наук, профессор, Костанайский региональный университет имени А. Байтурсынова, Костанай, Казахстан
Бредихин С.Н.	доктор филологических наук, профессор, Северо-Кавказский федеральный университет, Ставрополь, РФ
Гайнуллина Ф.А.	кандидат филологических наук, доцент университет имени А. Бокейхана, Семей, Казахстан
Ермекова Т.Н.	доктор филологических наук, профессор, Казахский национальный женский педагогический университет, Алматы, Казахстан
Есиркепова К.К.	кандидат филологических наук, профессор, Костанайский региональный университет имени А. Байтурсынова, Костанай, Казахстан
Жусипов Н.К.	доктор филологических наук, профессор, Торайгыров университет, Павлодар, Казахстан
Курбанова М.М.	доктор филологических наук, профессор, Ташкентский государственный университет узбекского языка и литературы им. Алишера Навои, Ташкент, Узбекистан
Камзабек Д.	академик НАН РК, доктор филологических наук, профессор, ЕНУ имени Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан
Курысжан Л.А.	кандидат филологических наук, профессор, Университет иностранных языков Ханкук, Сеул, Южная Корея
Онер М.	доктор философии (PhD), профессор, Эгейский университет, Измир, Турция
Пименова М.В.	доктор филологических наук, профессор, Институт иностранных языков, Санкт-Петербург, РФ
Сайфулина Ф.С.	доктор филологических наук, профессор, Казанский федеральный университет, Казань, Татарстан, РФ

Адрес редакции: 010009, г. Астана., пр. Жумабаева, 4
Телефон/факс: (7172) 561 933; e-mail: eagi.vestnik@gmail.com, сайт: ojs.egi.kz

Вестник Евразийского гуманитарного института.
Собственник: «Евразийский гуманитарный институт имени А.К.Кусаинова».
Министерством информации и общественного развития Республики Казахстан Комитет информации постановлено на переучет № KZ92VPY00046970 17.03.2022
Подписано в печать 15.06.2023 ж. Формат 60*84 1\8. Бум. Типогр.
Тираж 200. Цена согласовано. Заказ № 89
Напечатано в издательстве «У.Е. Актаева»

©Евразийский гуманитарный институт имени А.К. Кусаинова

Chief Editor Daurenbekova L.N.
Candidate of Philological Science, Associate Professor of the A.K. Kussayinov Eurasian Humanities
Institute, Astana, Kazakhstan

Editor-in-Chief Alimbayev A.E.
Doctor of Philosophy (PhD), Associate Professor of the A.K. Kussayinov Eurasian Humanities
Institute, Astana, Kazakhstan

Editorial Board

Aimuhambet Zh.A.	Doctor of Philological Sciences, Professor, L.N. Gumilyov ENU, Astana, Kazakhstan
Aktayeva K.	Doctor of Philological Sciences, Professor, Poznan Adam Mitskevich University, Poznan, Poland
Absadyk A.A.	Doctor of Philological Sciences, Professor, Kostanay Regional University named after A.Baitursynov, Kostanay, Kazakhstan
Bredikhin S.N.	Doctor of Philological Sciences, Professor, North-Caucasus Federal University, Stavropol, RF
Гайнуллина Ф.А.	Candidate of Philological Sciences, Associate Professor Alikhan Bokeikhan University, Semey, Kazakhstan
Yermekova T.N.	Doctor of Philological Sciences, Professor, Kaz. National Women's Pedagogical University. Almaty, Kazakhstan
Yesirkepova K.K.	Candidate of Philological Sciences, Professor, Kostanay Regional University named after A.Baitursynov, Kostanay, Kazakhstan
Zhusipov N.K.	Doctor of Philological Sciences, Professor, Toraighyrov University, Pavlodar, Kazakhstan
Kurbanova M.M.	Doctor of Philological Sciences, Professor, Tashkent State University of the Uzbek Language and Literature named after Alisher Navoyi, Tashkent, Uzbekistan
Kamzabek D.	Academician of NAS RK, Doctor of Philological Sciences, Professor, L.N. Gumilyov ENU, Astana, Kazakhstan
Kuryszhn L.A.	Candidate of Philological Sciences, Professor, Hankuk University of Foreign Studies Seoul Korea
Oner M.	Doctor of Philological (PhD), Professor, Aegean University, Izmir, Turkey
Pimenova M.V.	Doctor of Philological Sciences, Professor, Foreign Languages Institute, St-Petersburg, RF
Seifullina F.S.	Doctor of Philological Sciences, Professor, Kazan Federal University, Kazan, Tatarstan, RF

Editorial address: 010009, Astana., 4, Prospect Zhumabayev
Tel/Fax: (7172) 561 933: e-mail: eagi.vestnik@gmail.com, сайт: ojs.egi.kz

Bulletin of the Eurasian Humanities Institute.

Owner: «A.K. Kussayinov Eurasian Humanities Institute».

The Ministry of Information and Public Development of the Republic of Kazakhstan Information Committee decided to re-register No. KZ92VPY00046970 17.03.2022

Signed for printing 15.03.2023 Format 60 * 84 1 \ 8. Paper. Printing house

Circulation 200. Price agreed. Order No. 89

Printed in the publishing house of «U.E. Aktaev»

© A.K. Kussayinov Eurasian Humanities Institute

МАЗМҰНЫ-СОДЕРЖАНИЕ-CONTENTS

ТІЛ БІЛІМІ – ЯЗЫКОЗНАНИЕ – LINGUISTICS

БАЙЛИЕВА Ұ.Б., ДАУТОВА Б.Д.	Абай шығармаларындағы ақыл, жүрек, қайрат концептілерінің орыс тіліне аударылу ерекшеліктері.....	7
BAITELIYEVA ZH., KUDERINOVA K.	The peculiarities of the kazakh national speech culture...	22
ЕРҒАЛИЕВ Қ.С., ЕРҒАЛИЕВА С.Ж.	Интернет-коммуникация жанрларының ерекшеліктері.....	36
ЖИРЕНОВ С.А. НУРЕКЕШОВА Г.Р. НҮРСҰЛТАНҚЫЗЫ Ж.	Поэтикалық мәтіндердегі эмоционалдық- экспрессивтік бірліктердің психолингвистикалық сипаты.....	50
ЖОЛШАЕВА М.С. ШАДИЕВА Н.Х.	Қазақ тіліндегі күрделі құрамды етістіктер мәселесі.....	67
ИМАНБЕРДИЕВА С.Қ. ЕГЕНБЕРДІ М.Е.	Паремиядағы төрт түлік атаулары – ұлттық код.....	81
ҚАРТЖАН Н.Е., ИСАКОВА С.С., КЕНЖЕМУРАТОВА С.К.	Ертегі дискурсын зерттеу мәселесі: анықтамасы, жіктелуі және өзара байланысы.....	94
КОШИКБАЕВА Г.Д., ЕЛИКБАЕВ Б.К., БЫБРАЙЫМ А.О.	Қазақ тіліндегі сұраулы сөйлеу актісінің модальдық мағыналары.....	109
ҚАЙДАРОВА Б.М.	Қазақ және ағылшын тілдеріндегі ұлттық-мәдени стереотиптердің лексика-семантикалық ерекшеліктері.....	121
ҚҰРМАНБАЙҰЛЫ Ш.	Әлихан Бөкейхан еңбектеріндегі кірме сөздер қолданысы.....	133
ӨНЕРМ., МҰХТАРОВА Ф.С.	Қазақ тіліндегі түйе түсінігіне қатысты этнографиялық ұғымдар.....	153
САМСЕНОВА Г.С.	Динамика функционирования новостных медиатекстов.....	165
SHANEEN A., SAPINA S., KAUDIROVA A.	Individualization of the term formation process.....	180

ТУРЛЫБЕКОВА И.А., ОСПАНОВА Ж.Т., НУРКЕНОВА С.С.	Сөйлеу мінез-құлқын сипаттайтын фразеологизмдердің ерекшеліктері мен метафора түрлері (Т. Сәукетаевтың романы мысалында).....	193
ЧОБАНОҒЛУ Ө., ӘШПРХАНОВА Қ., ЖҰМАТАЕВА З.	Мақал-мәтелдердегі ұлттық мінездің көрінісі.....	207

ӘДЕБИЕТТАНУ – ЛИТЕРАТУРОВЕДЕНИЕ – LITERATURE STUDIES

АЙТУҒАНОВА С.Ш. СҰЛТАН Е.Б.,	Көркем мәтінді семантикалық талдау: символдық бейнелеу.....	221
АРСЛАН М., ЖАЛЕЛОВ Д.С.	Шалкиіз толғауларындағы жауынгерлік рух.....	232
БАЙТАНАСОВА Қ.М.	Ауыл бейнесі және ұлттық таным.....	244
БОЛАТБЕКОВА Ж.Б., ЖҰМАҚАЕВА Б.Д.	Абай шығармаларының шет тілдеріне аударылуы мәселесі.....	259
GALYMZHANOV B.	The spirit of freedom jusip's famous works.....	270
ЕСПЕНБЕТОВ А.С. ЕРДЕМБЕКОВ Б.А. СМАГУЛОВА А.Т.	Абай қарасөздеріндегі адам мінездеріне тезаурустық талдау.....	283
КАЙИМОВ М.Ә., ХАЛИКОВА Н.С. ИБРАГИМОВА У.Б.	Бұқар жыраудың Абылай ханға арнаған жыр- толғауларының басты ерекшеліктері.....	296
САЙФУЛЛАЕВА Н.Б. КЕМЕҢГЕР Қ.Р. КЫНАДЖЫ Д.	Артур Конан Дойлдың «Жирен шаштылар қауымдастығы» әңгімесіндегі қазақ тілді аударманың поэтикасы.....	309
ТАМАБАЕВА Қ.Ө., РАЙЫМБЕКОВА Д.Л., ЖАНҚАЗЫ А.	Шерхан Мұртаза нақыл сөздерінің ұлттық сипаты және берілу ерекшеліктері.....	323

ТІЛ ЖӘНЕ ӘДЕБИЕТТІ ОҚЫТУ ӘДІСТЕМЕСІ – МЕТОДИКА ПРЕПОДАВАНИЯ ЯЗЫКА И ЛИТЕРАТУРЫ – METHODOLOGY OF TEACHING LANGUAGE AND LITERATURE

KAMIEVA G.K., BISMILDINAD.D., MOLDAKHMETOVA Z.N.	Folk wisdom – a tool for the development of speech competence.....	336
--	---	-----

XFTAP 16.21.29

DOI <https://doi.org/10.55808/1999-4214.2023-2.04>

*С.А. ЖИРЕНОВ¹ 

Г.Р. НУРЕКЕШОВА² 

Ж. НҰРСҰЛТАНҚЫЗЫ³ 

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Алматы, Қазақстан^{1,2}
Қызылорда Болашақ университеті, Қызылорда, Қазақстан³
(e-mail: saken82@mail.ru¹, gulnaz_n71@mail.ru², zhaznur@mail.ru³)

ПОЭТИКАЛЫҚ МӘТІНДЕРДЕГІ ЭМОЦИОНАЛДЫҚ-ЭКСПРЕССИВТІК БІРЛІКТЕРДІҢ ПСИХОЛИНГВИСТИКАЛЫҚ СИПАТЫ

Аңдатпа. Мақалада поэтикалық мәтіндердегі эмоционалдық-экспрессивтік бірліктер қолданысының мағыналық астарындағы психолінгвистикалық аспектілерін теориялық және практикалық тұрғыдан жан-жақты қарастырылады. Поэтикалық мәтіндердегі эмоционалдық-экспрессивтік бірліктер арқылы тілдегі адам факторының психологиялық әлемін тануға негізделеді. Мақаладағы эмоционалдық-экспрессивтік бірліктердің психолінгвистикалық сипатын айқындау арқылы лингвопсихологиялық танымға негізделген субъектінің тұлғалық, сапалық, биофизиологиялық, психологиялық, социологиялық, этномәдени мазмұндары көркем мәтін тілі арқылы талданады. Идиоэтникалық болмыс эмоционалдық-экспрессивтік бірліктердің психолінгвистикалық ерекшелігін көрсету үшін поэтикалық мәтіндерге лингвистикалық талдау арқылы көптеген тіл табиғатының қуатын көрсетуге болады. Тілдегі эмоционалдық-экспрессивтік бірліктерді зерттеудегі психолінгвистикалық аспектіде қазақ тіліндегі сөз қолданыстардың астарындағы эмоцияның берілуі мен қабылдануы туралы прагматикалық құзыреттерді көрсетеді. Қазіргі лингвистикалық зерттеулердегі «тіл мен психология» мәселелеріне қатысты қазақ тіл білімінде психолінгвистикалық зерттеулердің нәтижесінде тілдегі этнопсихология, индивидуалды психология, әлеуметтік психология секілді құндылықтарды тану мен танытуға негізделеді. Лингвопсихологиялық әрекеттен тілдегі сөздің қуаты мен сугестикасының үлгілері ретінде этноқауымдастықтың когнитивтік санасындағы дүние құбылыстарын тілдік тұрғыдан қабылдауы, түйсінуі, сезінуі, реакциясы секілді психофизиологиялық түсініктерді жан-жақты бейнелейді. Сондықтан да поэтикалық мәтіндердегі эмоционалдық-экспрессивтік лексикалық бірліктердің психолінгвистикалық мәнін қарастыру бүгінгі күн талабынан туған, тіл мен психология, тіл мен сезім өзара тығыз сабақтастықтағы өзекті мәселелердің бірі деп саналады.

Түйін сөздер: поэтика, тіл, мәтін, эмоционалдық-экспрессивтік лексика, психология, жан әлемі, образ, субъект.

Кіріспе. Тілдің лексикалық қабатындағы бірліктер қолданыс өрісі мен стильдік қызметіне қарай көптеген түрлерге бөлінеді. Солардың ішіндегі эмоционалдық-экспрессивті лексика адамның психологиялық әлемін білдірудегі қызметі ерекше. Эмоционалдық-экспрессивтік лексика ертеден келе жатқан этностың тілдік және психологиялық ерекшелігін айқындайтын, лексикалық жүйенің ішіндегі аффективтік және психологиялық мазмұны басым категори. Эмоционалдық-экспрессивтік лексика күнделікті тұрмыстық өмірдегі коммуникативтік ортаның барлық түрінде, ауызша және жазбаша сөйлеу тілінде, көркем поэтикалық мәтіндерде жиі қолданылады. Диахронды тұрғыдан эмоционалдық-экспрессивтік лексика адам баласының көңіл-күйін, сезімдік әсерін, өмірлік дүниетанымын, тұрмыс-тіршілігін, образды ойлауын білдіруге негіз болса, бүгінгі синхронды тұрғыдан да эмоционалдық-экспрессивтік лексиканың аталған қызметтерінің саны артпаса, кеміген емес.

Адам баласының индивидуалдық қасиетін білдіретін категориялардың қатарына эмоционалдық пен экспрессивтілік сипаттар жатады. Адам жаратылысындағы эмоционалдық пен экспрессивтілік индивидтің өзіндік «менін» бейнелейтін ерекшеліктерді сипаттау арқылы, оның тілдік қолданысынан анық көрінеді. Адам баласының жаратылысы мен тіліндегі эмоционалдылық пен экспрессивтілік жекелеген адамға ғана тән емес, этноқауымдастыққа да тікелей қатысты бірлік. Қазақ халқындағы эмоционалдық-экспрессивтік лексика ертеден келе жатқан этностың тілдік қазынасы, этнопсихикалық даралығының көрсеткіші. Бұған дәлел ретінде лингвофилософия ғылымының атасы В. фон Гумбольдттың «Характер языка и характер народа» дейтін зерттеуі фразалық, эпиграфтық сипат алып кеңінен тарағандығы мәлім [1]. Тілдік қолданыстағы эмоционалдық-экспрессивтік лексика тек әсерлі, мәнерлі, бейнелі, аффективтік мазмұндағы лексикалық бірлік қана емес, индивид пен этностың табиғи ерекшелігін, психикалық болмысын білдіретін категория саналады.

Адамның көңіл-күйі мен жан әлемінің ішкі құбылыстарын жеткізудегі эмоционалдық-экспрессивтік бірліктердің қызметі жоғары. Адамның психологиялық рухани әлемін көрсетуге экспрессивтілік, экспрессия, эмотивтік, эмоционалдық, эмоционалдық лексика секілді тілдік бірліктер қатысады. Аталған тілдік бірліктердің барлығы адам психикасындағы жағымды-жағымсыз, қалыпты-қалыпыз күйдің сипатын білдіруге қызмет етеді. Адам болмысы эмоцияға толы құбылыстан тұрады десек, соның барлығын эмоционалдық сипатты білдіретін көрсеткіштер анықтайды. Ал ол көрсеткіштердің тілдік мазмұнын лингвистикалық сөздіктердің негізінде былайша тарқатып беруге болады. «Эмоционалдық (лат. *emovere* < франц. *emotion* абыржу, қозу) –

адамның көңіл күй, сезім, өз қатынасын білдіруі» [2, 403] дегенді білдірсе, «экспрессивтілік (лат. *expression* мәнерлілік, мәнерлеу) – тіл бірліктерінің семантикалық-стилистикалық белгілерінің жиынтығы. Э. уақиғаға, адресатқа сөйлеушінің өз көзқарасын, қатынасын білдіретін тілдік құрал болып табылады. Э. тілдік (фонетикалық, лексикалық, грамматикалық) құралдар арқылы сөйлеушінің психикалық, эмоционалдық күйін айшықты түрде мәнерлеп білдіре алады. Нақты тілдерде Э. сол тілдердің фонетика, лексикология, грамматика, стилистика салаларында зерттеледі» - деген анықтамалар беріледі [2, 402]. Бұл дегеніміз эмоционалдық пен экспрессивтіліктің адам көңіл-күйінің психологиялық әралуан сипатын көрсетуде басымдыққа ие лексикалық бірлік екендігін көрсетеді.

Әдістеме және зерттеу әдістері. Поэтикалық мәтіндерде эмоционалдық пен экспрессивтілік қатар жүреді. Ал ғылыми әдістемелік тұрғыдан келгенде эмоционалдық пен экспрессивтіліктің терминдік дифинициясы мен мағыналық мазмұны бөлек болғанымен, көркем мәтінде екеуі жарыса қолдану арқылы ойдың образдылығымен қатар, сөздің психикалық әсеріне қызмет етеді. Яғни психолінгвистикадағы экспрессивтілік пен эмоционалдық бірліктер өзара ұқсас тілдік категориялар болғанымен қызметтері әр түрлі. Тілдік қолданыстағы эмоционалдық сөздер - сезім, көңіл-күй, әсерге қатысты сөздер болса, экспрессивтік сөздер - бейнелі, әрлі, көркемдеуіш, образды, поэтикалық сөздер саналады. Поэтикалық мәтіндерде эмоционалдық-экспрессивтілікпен қатар, «экспрессия (грек. *expressio* мәнерлілік, мәнерлі білдіру) – сөздің мәнерлі, бейнелі сипатта айтылуы. Э. –лық сөздер – ерекше сезім, мәнермен айтылатын сөздер» [2, 402] көркем мәтіннің мәнерлі айтылуы арқылы сезімге тікелей әсер етсе, эмоционалдық лексика – тілдік құралдар арқылы эмоционалдық бояуға ие болған сөздер (еркелету, еркелу, балағат, одағай, еліктеуіш, т.б. сөздер) [2, 404] мәтіннің көркем образдылығына қызмет етеді. Көркем мәтін бір ғана көріктеуіш құралдардан тұрмайды. Көркем мәтінге көрік беруге «эмфаза (грек. *emphasis* мәнерлілік) – поэтикада, шешендік сөздерде сөздің эмоциялық мәнерінің күшеюі. Э. риторикалық сұрақтар, анафоралық қайталаулар, сөзді түрліше құбылтып бейнелеп сөйлеу арқылы» [2, 404] аффективтік қызмет атқарса, «эмфатикалық сөз – көтеріңкі дауыспен мәнерлеп айтылуы» [2, 404] адресат пен адресант аралығында коммуникацияның сезімдік әсерімен қатар, психологиялық жайлы немесе үйлесімді дискурстық ортаның орнығуына ықпал етеді.

Көркем мәтіндердегі эмоционалдық-экспрессивтік лексика адам психологиясының бірден-бір көрсеткіші саналады. Адам психикасы өте күрделі категория. Сол күрделі жан әлемінің ішкі иірімін, сезімтал тұстарын, оның ортамен өзара үйлесімін, коммуникацияның жүзеге асуын тілдегі эмоционалдық-экспрессивтік лексика атқарады. Осы орайда эмоционалдық-экспрессивтік лексиканың тіл білімінде зерттелуі деген мәселеге келсек, күні

бүгінге дейін эмоционалдық-экспрессивтік лексика әр алуан аспектіде қарастырылды. Жалпы тіл білімінде Н.А. Лукьянова, М.И. Черемисина, О.А. Рыжкина, Е.М. Галкина-Федорук, Н.М. Павлова, В.И. Шаховский, В.А. Артемов, В.В. Винаградов, В.А. Звегинцев секілді ғалымдар эмоционалдық-экспрессивтілікті көркемдікпен, көңіл-күймен, эмоциялық әр алуан қылып-күймен байланыстыра қарастырса, түркологиялық кеңістікте соның ішінде қазақ тіл білімінде С. Кеңесбаев, Н. Сауранбаев, М. Балақаев, Ғ. Мұсабаев, А. Ысқақов, Ш. Сарыбаев, М. Оразов, Е. Жанпейісов, Ш. Нұрғожина, Х. Нұрмаханов, Ғ. Мұсабаева, З. Базарбаева, С. Бизақов, З. Ибадильдина, К. Сарышова, А. Хабиева, Б. Жонкешов, Ғ. Иманалиева секілді ғалымдардың еңбектерінде қазақ тілі табиғатындағы эмоцияның берілуін бағалаушылықпен, поэтизммен, еліктеуіштермен, одағайлармен, фонасемантикамен, сөзжасаммен, көңіл күй лебіздерімен өзара байланыста қарастырады.

Лексика-фразеологиялық жүйедегі эмоционалдық-экспрессивтік бірліктердің типтері мен семантикалық қолданысын зерттеген Н.А. Лукьянова эмоцияның берілуін, экспрессивтердің әсерлілігін, эмоцияның астарындағы коннотацияның ерекшеліктерін жан-жақты қарастыра келе, олардың төмендегідей жіктелуін ұсынады:

1. ДК + Ккэк = экспрессивті лексикалық мағына.
2. ДК + ККэк + ККэм = экспрессивті-эмоционалды лексикалық мағына
3. ДК + ККэк + ККэм + ККбағ. = экспрессивті эмоционалды бағалаушылық лексикалық мағына.
4. ДК + Ккэм = эмоционалды лексикалық мағына.
5. ДК + ККэм + ККбағ. = эмоционалды бағалаушылық лексикалық мағына.
6. ДК + ККбағ. = бағалаушылық лексикалық мағына.
7. ДК + ККэк + ККбағ. = экспрессивті бағалаушылық лексикалық мағына.

Қысқартулар түсіндірмесі: ДК – сөз семантикасының денотативті компоненті; ККэк - экспрессивтіліктің коннотативті компоненті; ККэм – эмоционалдың коннотативті компоненті; ККбағ. – бағалаушылықтың коннотативті компоненті [3, 12-41]. Лексикалық жүйедегі эмоция мен экспрессивтіліктің астарында бағалаушылық коннотациямен қатар адам көңіл-күйінің тілдегі сипатын эмфаза, эмфатикалық сөзден, энклитика, экспрессия арқылы беріледі. Аталған бірліктердің терминдік түсіндірмесіне терең үңілу арқылы психологиялық ерекшелікті білдіруде әрбіреуінің өзіндік қызметінің (интонация, пауза, ритм, мимика, мәнерлік, образдылық, поэтизм, т.б.) жатқандығын байқауға болады.

Талқылау мен бақылау. Лингвистика мен психология ғылымдары өз алдына дербес ілімдер болғанымен адам болмысын танытуда екеуі бір арнаға қосылатын, тоғыспалы ғылымдар саналады. Отандық психология ғылымы әлемдік психологияның бір бөлшегі. Қазақ психология ғылымында эмоция мәселесінде әр алуан аспектіде қарастырылған. Мәселен Қ. Жарықбаевтың

«Психология», «Жантану», Ә. Алдамұратовтың «Жалпы психология», Н. Итбаевтың «Жалпы психология» оқулықтарында эмоция мәселесінің теориялық және практикалық жақтары, эмоцияның жағымды-жағымсыз сипаттары, қарапайым және күрделі, жалпы және жалқы түрлері арнайы қарастырылып, әрбіреуіне өзіндік түсіндірмелері жасалған.

Жалпы психологтар эмоцияның екі түрлі функциясы болатынын жіктеп көрсетеді. Онда негізінен біріншісі, реттеушілік (регулирующая) болса, екіншісіне белгі беруші (сигнальная) деп саналады. Мұндағы реттеушілік қызметте тұрақты эмоциялардың индивидтің психикасын, іс-әрекетіне бағдарлау жұмысы негізделеді. Адам психикасындағы эмоцияның реттеушілік қызметінде эмоциялық әр алуан әрекеттерді вегетативті және соматикалық реакцияларға негіздеудің нәтижесінде бақылап отырады. Осы арқылы субъект өзіне-өзі психологиялық тұрғыдан бақылау жасайды. Ал эмоцияның белгі берушілік функциясында индивидтің ішкі рухани қажеттілігіне қанағаттану, өзіне өзі баға беру үрдістері туралы белгі беріп отырады. Психологтардың түсіндірмесі бойынша белгі беру функциясындағы процесс кедергісіз жүрген болса, субъект жағымды эмоцияны басынан өткізеді, ал кедергілерге ұшыраса, жағымсыз жағдаяттар туындайды деп түсіндіріледі. Ал осы эмоциялық құбылыстардың барлығы тілдік бірліктердің табиғатынан көрінеді. Әсіресе тілдің лексика-семантикалық қабатындағы сөздердің дискурса түскендегі қолданысынан, мағыналық мазмұнынан, контекстік бағдарынан анық көрінеді. С.Н. Кахиани: «Индивид үшін жағымды саналатын жеке не қоғамдық жағдаяттарға қатысты қуанышты білдіретін аффектер болады. Мұнда оларды қалыпты жағдаят деп санап, ал олардың ерекше сезімталдықпен көрінуін аса қажет тіпті адамның психикалық қызметіне игі әсер ететін құбылыс деп қабылдау керек» [4, 4] - дегенді айтады. Ал мұндай психологиялық әрекеттерді біз адамның сөз жұмсамынан, яғни поэтикалық мәтіндердегі лексикалық бірліктердің қолданысынан көреміз.

Мәселен:

«Мен қазақпын мың өліп, мың тірілген,

Жөргегімде таныстым мұң тіліммен.

Жылағанда жүрегім, күн тұтылып,

Қуанғанда күлкімнен күн түрілген.

Мен – қазақпын, биікпін, байтақ елмін,

Қайта тудым, өмірге қайта келдім.

Мен мың да бір тірілдім мәңгі өлмеске,

Айта бергім келеді, айта бергім!» (Ж. Молдағалиев)

Бұл мәтіннің тілдік қолданысынан эмоцияналдылық пен экспрессивтіліктің паралель қолданысын байқауға болады. Мұнда бір адамның яғни ақынның (әдетте ақынның сөзі алқалы топтың /халықтың/ сөзі саналады) ішкі жан әлемінен туған толғанысы, қуанышы мен сүйініші (қазақ боп туғандығы, биіктігі, байтақтығы), күйініші

(мың өліп, мың тірілгені), мұңы мен шері (есесі кеткен ел мен мұңлы тілі), жүрекпен жылау (көздің жасы суалғандығы), қуанышы (күлкісінен күннің өзі күлімсіреуі) т.б. психологиялық қалып күйлері тілдік тұлғаның шалқыған шабытынан, шабытқа түрткі болған елдің мұңынан, «бір қайғыны қозғасаң, мың қайғының қосыла кететіндігі» тұтастай «Мен – Қазақпын» деп аталатын эпикалық көркем туындының тууына арқау болған. Көркем мәтін бойындағы эмоция мен экспрессия автордың коннотативтік бағалауын, көңіл күйінің өлшемін ғана көрсетпейді. Онда белгілі бір дәрежеде психолінгвистикалық категориялардың өзара біте қайнасып жатқандығын байқауға болады. Мәселен жоғарыдағы көркем мәтінде ауыр психологиялық ахуалдың (шерге толы көңіл күй) өзін сезімге ерік бермей, әр алуан темпераменттердің жетегіне ермей, психикалық бөгеттерді (мұң, қайғы, нала, уайым, шер, сабыр, ерік, араздасу, жігер, қайрат, т.б.) сабырға жеңдіріп, автордың көркем тілмен шебер суреттеп беруін психолінгвистикалық тепе-теңдіктерді теңшей білгендігін көрсетеді. Мәтін мазмұнына қатысқан әрбір лексикалық бірлік жеке тұрғанда ешбір эмоцияны білдірмей қарапайым қатардағы көп сөздің бірі болуы мүмкін. Ал мәтін мазмұнында олар өзара бір-бірімен тіркесе келе, эмоционалды-экспрессивтік қызметтерді атқарып тұрғандығын мәтін семантикасынан (сюжеті, композициясы, идеясы, интонация, мәнерлілік, ритм, риторика, образ, поэтикасы, т.б.) белгілі бір дәрежеде әрбір сөздің эмоционалды кодқа түсіп құндақталып берілгендігінен көруге болады. Бұл ойдың түйінін халықаралық деңгейде жарияланған басылымдарда былайша беріледі: «At different language levels, these linguisticstylistic characteristics manifest in different ways. At the level of vocabulary, phraseology, and morphology, as well as to a lesser extent at the level of phonetics, colloquialization and expressiveness are almost equally discernible» [5,130]. Демек, тілдің фонетикалық, лексикалық, морфологиялық қабаттары экспрессивтілік категориялармен астасып, ауызекі тілде және стилистикалық қолданыстарда анық көрінетіндігі көрсетіледі.

Поэтикалық мәтіндердегі эмоционалды-экспрессивті бірліктер автордың сентиментальды әрекетімен тікелей қатысты болады. Эмоция – көңіл-күйдің көрсеткіші. Көңілдегі ой поэтикаға негізделген уақытта субъектінің толғанысына әсер етіп, эмоциялық бояуы қалың тілдік бірліктер арқылы жасалады. Поэтикалық мәтіндердегі «сөздің эмоционалды-экспрессивтік қызметін стилистикалық мағына құрамында қарап, оны коннотаттық (негізгі мағынаға қосымша) мағынаның қатарына жатқызуға болады» [6, 109].

Тілдегі эмоционалды пен экспрессивтілік адамның ішкі жан әлеміндегі психологиялық қалып-күйін мәнерлеп, суреттеп жеткізуде жиі қолданылады. Эмоционалды пен экспрессивтілік адамның психикалық әлемінен сыр шертуде қолданылатын категория болғандықтан, адамның қуануы мен шаттануы, тамсануы мен таңырқауы, қызығуы мен қызғануы секілді сезімдік күйлерінің көрсеткіші саналады. Мәселен, қазақтың айтулы ақыны Қасым

Аманжоловтың «Дүниеге жар» атты өлеңіндегі:

Ей, тәккапар дүние!

Маған да бір қарашы.

Танисың ба сен мені?

Мен қазақтың баласы! – деген жыр шумақтары бір адамның көңіл-күйін емес, бар қазақтың көңіл-күйін көркем тілмен жеткізудегі ұлттық психологияның тілдік көрсеткішіне айналған мәтін болғандығы анық. Тілдік поэтикалық мәтіндерден адамның сезім-күйі мен эмоциясының берілуін көрсететін таңдану/тамсану ↔ көңілдену/қуану ↔ шаттану/мақтану секілді эмоциялық сапалардың бірде бөлінісін, бірде өзара бірігуін көруге болады.

Поэтикалық мәтіндердің табиғатына тән бір ерекшелік ондағы коннотативтік мағынаның қатар жүретіндігін ескеру керек. Бұл турасында А.В. Филиппов коннотация ұғымына тек эмоционалдық және стилистикалық мазмұндағы семантикалық мағына жататындығын айта келе, бағалауыштық және экспрессивті семаларды денотацияның белгілі бір бөлшегі ретінде қарастырады. Мұндағы бағалауыштық сема – ұғымның (түсініктің) прагматикалық компоненті, сондықтан да денотация аспектісінің объектісі. Ал экспрессивтілік әрқашан сөздің (денотаттың) әдеттен тыс, жаңа тұлғасында көрініс тауып, нормадан ауытқыған окказионалдылықпен байланысты деп түсіндіреді [7].

Психология ғылымында эмоцияның табиғаты психологиялық құбылыс ретінде адам бойындағы көптеген сезімдік күйлерді білдіру формасы деп бағаланады [8]. Индивидтің психикалық аффективтік сипатының тілдік көрінісі экспрессия арқылы айшықтала түсетіндігі түсіндіріледі [9]. Поэтикалық мәтіндердегі жеке сөз, лексика-фразеологиялық жүйе, синтаксистік конструкция, мәнмәтіндік бірліктер, т.б. тілдік қолданыстардан эмоционалдық-экспрессивтік қызметті тұтас мәтін болмысынан анық көрінеді. Мәселен «жыраулық дәстүрдің соңы, ақындықтың басы» деп саналатын Махамбеттің Хан Жәңгірге арналған өлеңінде эмоцияның қанықтылығы мен нақтылы объектіге бағытталғандағы вербалдануын анық көруге болады:

«Хан емессің, Қасқырсың,
Қас албасты басқырсың,
Достарың сені табалап,
Дұшпаның сені басқа ұрсын!
Хан емессің, ылаңсың,
Қара шұбар жылансың,
Хан емессің, аярсың,

Айыр құйрық шаянсың!» - деген мәтінде белгілі бір объектінің жағымды яки жағымсыз сипатқа ие болуына негізделеді. Мұнда ақынның эмоционалдық бағасы ханның болмыс бітімін «қасқырсың, қас албастысың, ылаңсың, жылансың, аярсың, шаянсың» секілді жағымсыз бейнелер арқылы бедерленіп,

эмоционалдық-экспрессивтік қызметтерді атқаруға жүктейді. Поэтикалық мәтінге тән өлшем поэтизм мен эстетика болса, өлең эмоцияға негізделгенде эстетикалық баға (жағымсыз) белгілі бір нормалар мен өлең өлшемдеріне бағына бермейтіндігін көрсетеді. Поэтикалық мәтіндерде эмоционалдық-экспрессивтілікпен қатар, коннотативтік-бағалауыштық сипаты қатар жүреді. Поэтикалық мәтіндегі лексикалық бірліктердің ауыспалы мағынадағы қолданысы да эмоциялдық-экспрессивтік қызметтерді атқарады. Ал жоғарыдағы поэтикалық мәтіндегі коннотаттық макрокомпоненттің сипаты стилистикалық реңк пен функционалдық-стилистикалық сема ұғымдарымен ұштасып жатқанын байқатады. Сонымен поэтикалық мәтіндегі «эмоционалдық баға (ұнау-ұнамау, жақсы көру-жек көру), сенсорлық баға (дәмді-дәмсіз, сүйкімді-сүйкімсіз) және эстетикалық баға (әдемі-кейіпсіз) белгілі бір нормаға, үлгіге негізделе алмайды. Бұл жағдайда субъектінің өзі, оның эмоциясы, сезімі, көңіл-күйі басты фактор болып табылады» [10, 58-59].

Қазақ тіл білімінде сөздердің семантикалық өрісін, семалық құрылымдарын арнайы зерттеген ғалым М.Оразов: «... сөздердің эмоциялық мағынасы сөздің негізгі мағынасы болмайды, негізгі мағынаға қосымша мағыналық реңк болып саналады дейтін болсақ, онда тентек, ақымақ, дана, сараң, нас, топас (бұлардың тура және ауыспалы мағыналары да) деген сияқты сөздердің мағынасын түсіндіріп бере алмаған болар едік» [6, 109], - деген пікірінен поэтикалық мәтіндердегі эмоционалдық-экспрессивтік бірліктерге лингвистикалық талдау жасағанда эмотивті мағынаны білдіретін көрсеткіштерді мәтіннен бөлек қарауға болмайтындығын көрсетеді.

Жалпы поэтикалық мәтіндердегі лексикалық жүйенің қолданысындағы бірліктерде «коннотаттық мағына екіншілік, ол денотаттан пайда болады деген қағиданы басшылыққа алатын болсақ, аталмыш сөздердің коннотативті деп танылуы үшін олардың денотаттық мағынасы айқын көрініп тұру керек. Яғни, осы іспеттес сөздердің мағынасы коннотаттық компонент мағынасына тең келеді десек, онда олардың денотаттық мағынасы қандай деген сауал туындайды. Осыған орай көрсетілген сөздер эмоционалды, экспрессивті және бағалауышты бояу танытып тұрғанымен, олар денотация аспектісінің объектілері болып танылуы қажет. Аталмыш лексемалардың табиғатына тән микрокомпоненттер сөздің заттық-логикалық мазмұнымен тығыз байланыста болып, белгілі бір ұғым ретінде көрініс табады» [11, 14].

Адам баласының индивидуалды психикалық болмысынан оның іс-әрекеті мен мінез-құлқын (сыпайы, дөрекі, әдепті, әдепсіз, шыншыл, жалтақ т.б.) ғана көрмейміз, оның тұрмыстық өмірдегі сөйлеген сөзінен, сөз жұмсамынан, тілдік құзыреттіліктерінен де көрінеді. Жалпы адамға тән тілдік психологиялық категорияларды профессор С. Бизақов көңіл күй лебіздері деп топтастырып, олардың әрбіреуінің жекелеген элементтерінің теориялық және практикалық мәселесін зерделеп, тұтастай практикалық кешендік жіктемесін жүйелейді.

Ғалым бұл мәселеге қатысты «қазақ тілі әр алуан көңіл күй лебіздеріне аса бай. Көңіл күй лебіздері арқылы адамдардың сөз саптау ерекшелігін, тәрбие-парасатын, мінез-құлқын, адамдармен қарым-қатынасын, қоғамдық құбылыспен тұрмыс-тіршіліктегі жай-күйін эмоционалды-экспрессивті түрде байқалатын жай-күйін аңғарамыз. Халықтың өмір-тіршілігі мен бітім-болмысының айнасы іспеттес көнеден жеткен көңіл күй лебіздері жасөспірімді жақсылыққа, инабаттылыққа, имандылыққа баулиды. Аз сөзбен көп мағына беретін тамырын тереңнен тартатын көңіл күй лебіздері мазмұндық, жанрлық ерекшелігі мен қалыптасу, даму долдары жағынан да, тәрбиелік, өміртанығыштық мәні жағынан да халықтың тұрмыс-тіршілігінде маңызды орынға ие. Көңіл күй лебіздері айтылатын ойға, білдірер мағынасына, қолданылу сәтіне қарай қатты, бәсең, бейтарап сияқты әртүрлі үнмен, дауыс мәнерімен айтылады. Көңіл күй лебіздеріне ден қоюшылық сөздің магиялық күшіне, сөз өнеріне мән беріп, тіл құдыретіне сенуден пайда болған» [12,4-5] - деген ой айтады. Бұдан шығатын тұжырым адам бойындағы психикалық көңіл күйі оның лебізінен (тілінен) көрінеді. Адам психикалық жаратылыстан тұратын, психикалық жан иесі әрі түгелдей дерлік психикалық әлемде өмір сүреді. Тіл болмысы тек денотативті (семиотикалық, сигналдық) лингвокоммуникация құралы ғана емес, сонымен бірге коннотативті (эстетикалық, поэтикалық, психологиялық, когнитологиялық) механизм ретінде де саналады. Тіл болмысын этностың және этноқауымдастық өкілдерінің психологиялық бүтіндей болмысы беріледі. «Адам болмысы мен таным әлемін тұтастай қамтитын адам рухының әрекеті тіл арқылы көрінеді, сол әрекет нәтижесінде дүниенің тілдік бейнесі түзіледі» [13,39].

Қазақ тіліндегі поэтикалық мәтіндердегі эмоционалды-экспрессивті бірліктердің қолдану барысында ойлау, қабылдау, сезіну, әсерлену әрекеттерінің қатар жүруі, түрлі психикалық процестерді тудырады. Бұл дегеніміз тілдің сезімге әсер етуі, психолингвистикалық үдерістердің комбинациясын көрсетеді. Сондай-ақ эмоционалды-экспрессивтік бірліктерге негізделген поэтикалық мәтіндер ауызша және жазбаша формада кездесіп, түрлі сезім құбылыстарын жеткізуде тұрақты қолданысы дискурстық дағдыға айналған. Поэтикалық мәтін лексикалық жүйеден түзіледі. Яғни филологиялық кеңістікте кеңінен тараған тезис бойынша «әдебиеттің материалы – тіл». Ал сол поэтикалық мәтін эмоционалды-экспрессивтік сипатқа ие болса, ол экспрессивтік-эмоционалды лексиканың қатысуымен жасалатындығы анық. Қазақ лексикасының қолданыс өрісінің бір тармағын экспрессивтік-эмоционалды лексикадан тұрады. Адамның сезім-күйін білдіретін экспрессивтік-эмоционалды лексиканың түсіндірмесімен қатар олардың пайда болуы туралы республикадағы негізгі лексикологиялық оқулықтардың авторлары Ғ. Қалиев пен Ә. Болғанбаевтардың еңбектерінде: «Сөздер зат, құбылысты, олардың белгі-қасиетін, болмаса іс-әрекетін ғана атап білдіріп қана

қоймайды, сонымен бірге адамның сезіміне әсер ететіндей стильдік мәнге ие болады. Адамның сезіміне әсер ететін сөздер тобы экспрессивті-эмоционалды лексика деп аталады. Сөздің экспрессивті сипаты оның бейнелі, мәнерлі айтылуынан, ал эмоционалдығы оған қоса адамның бір затқа, құбылысқа өзіндік көзқарасын, көңіл күйін, сезімін білдіруінен көрінеді. Сөздің бейнелі, мәнерлі айтылуы мен сезімге әсер ету қасиеті бір-бірімен тығыз байланысты. Эмоция бар жерде экспрессивтілік болады. Ол эмоционалдық бояуы бар сөздер арқылы білдіріледі. Әсіресе сүйіспеншілік, масаттанушылық, есіркеушілік, еркелік, таңырқаушылық, жағымпаздық, қошаметшілік, өшпенділік, үрейлену, сес көрсету сияқты адамның жағымды-жағымсыз қасиеттерін білдіруде жиі кездеседі. Экспрессивті-эмоционалды сөздер барлық стильде бірдей қолданыла бермейді, олар негізінен сөйлеу тілі мен көркем әдебиетке тән.

Экспрессивті-эмоционалды лексика әртүрлі жолмен пайда болған: 1. Бірқатар сөз ешбір қосымшасыз-ақ жеке тұрып эмоционалдық бояуға ие болып тұрады.

2. Кейбір сөздер белгілі бір мәтін ішінде эмоционалдық бояуға ие болады.

3. Морфологиялық жолмен пайда болған эмоционалды сөздер еркелету, менсінбеу, елемей, кішірейту т.б. қосымшалары арқылы жасалады. Экспрессивті-эмоционалды сөздер бұдан басқа да фонетикалық жолмен (дауыс ырғағы, пауза арқылы) жасалады. Бейнелі сөздердің қайнар көзі еліктеуіш сөздер де жатыр. Одағай сөздер де бейнелілікке өте бай» [14,172-174] - деп көрсетіледі. Оқулықтардағы эмоционалды-экспрессивті бірліктерге берілген анықтама мен олардың жіктемелері поэтикалық мәтіндерге тікелей қатысты екендігін көрсетеді.

Мәселен:

Кең дүние, төсінді аш, мен келемін,
Алынбаған ақым бар сенде менің.
Бұйрат құмдар - бұйығып шөлдегенім,
Бура бұлттар - бусанып терлегенім.
Аспанындай кей сәтте күрсінемін,
Жас талындай жауқазын бүршік едім.
Кең дүние, керемет қалпыңменен,
Жүрек болып кеудеме кірші менің.
Байтақ ел, балауса тау, бозаң далам,
Секілді бәрі менен көз алмаған
Кең дүние, кенде етсең сыбағамнан,
Шырылдаған сәбидей мазанды алам (М. Мақатаев)

Жоғарыда көрсетілген мәтіннің өн бойынан эмоционалды-экспрессивтік бірліктердің жарыса қатар қолданысынан олардың бірінен-бірін ажыратуға келе бермейтіндігін байқауға болады. Ақынның сезімге толы көңіл-күйі осы

мәтінде оны дүниенің бар болмысын бейнелеуі, шабыт пен сезімнің арпалысынан туғандығын көрсетеді. Мәтіндегі лирикалық кейіпкердің кең дүниедегі алынбаған ақысын даулай келе оның күрсінуі, алайда оған қамықпай, керісінше күрескерлік рухын қайрай түсуі сезім мен әрекеттің үйлесімі бейнеленеді. Мұндағы: кең дүние, мен келемін, ақым бар, жауқазын ем, көз алмаған, мазаңды алам секілді лексикалық бірліктер жеке тұрғанда қарапайым халықтың лексика саналғанымен, мәтін құрамында эмоционалды-экспрессивтік реңкке ие болып, мәнерлік, бейнелілік, риторикалық, образдылық сипаттарға ие болу арқылы психолингвистикалық қызметтерді қатар атқарып тұрғандығын көруге болады. Экспрессивтілікті лингвистикалық категория ретінде субъектінің эмоциясы мен сезім-күйін, психикалық жан әлеміндегі арпалысты бейнелеп, мәнерлеп жеткізуде пайдаланатын тілдік көркемдеуіш құралдар ретінде филологтар санағанымен, психологтар адам темпераменті мен психологиялық матрица бойынша шығармашылық адамның әлемді сезінудегі психикалық қалып күйімен байланыстырады. «Адам бойындағы сезімдік-эмоциялық құбылыстардың көркем мәтіндегі көрінісінен тіл мен психологияның өзара байланысын танытатын, көркем мәтіндегі психологизм мен тілдік психологияны өзара байланыстырушы психолингвистикалық парадигмасы қалыптасады. Психологиялық құбылыс – автордың түйсіну, есте сақтау, қабылдау сияқты жан қуаттары арқылы дүниені танып білуі. Психологиялық деңгей – бір адамды екінші адамнан ажыратуға негіз болатын мінез, темперамент, сенім, талғам, қабілет, мұрат, қызығу т.б. сияқты кейіпкер мен автордың психологиялық көрсеткіші» [15,13] саналады.

Нәтижелер. Поэтикалық мәтіндердегі эмоционалды-экспрессивтілікті лингвопсихологиялық үдерістерден (сезіну, қабылдау, түйсіну, бағалау, зейін, ес, қызығу, қызғану, т.б.) бөле-жара қарастыруға келмейді. Сондай-ақ, субъектінің күнделікті тұрмыстық өмірдегі әлемді психологиялық тұрғыдан қабылдауы яки сезінуі ең алдымен сөз қолданысынан көрінеді. Ал әлем болмысы субъектінің психикалық жағдайына байланысты әртүрлі болады. Соған сәйкес субъектінің тілдік қолданысындағы эмоцияналды-экспрессивтіліктің мазмұны да әркелкі болады. Ал поэтикалық мәтіндердегі лексикалық бірліктер «эмоцияның қай түрін білдіріп тұрғандығын ең алдымен контекске, одан кейін сөйлеу жағдаяты мен интонацияға қарап ажыратамыз, себебі көп мәнділік одағайдың өзінен шығып тұрған жоқ; тек көңіл-күй одағайлары ғана емес, императив ишара одағайларының ішінде де эмоцияның жағымды, жағымсыз реңкін білдіру қызметін атқаратындары да бар; сөздің ауыспалы мағынада қолданылуы да эмоцияның жағымды, жағымсыз түрлерін білдірудің, бояуын қоюлату арқылы да көрініс табады» [16,43].

Поэтикалық мәтінді эмоционалды-экспрессивті бірліктер тек шығармашылық көңіл-күйді емес, адам болмысының, оның жан әлемінің, сезім күйінің көрінісі, өйткені көркем мәтін адресат пен адресанттың өзара

коммуникациясы ғана емес, олардың тілден тысқары психолингвистикалық үйлесімін де көрсетеді. «Тілдік қордағы жалпы адам эмоциясының жетегімен көрініс беретін сөздерді эмоционалды сөздер деп, ал олардың категорияларын адамның қоршаған болмысқа деген әртүрлі көңіл күйін, сезімін білдіретін сөздерді «эмотив» деп, адамның қоршаған ортаға деген әртүрлі әсерін білдіретін эмоцияның (кейде олар қатыспайды), сезім, ерік қатысуы арқылы тілдің көркемдегіш құралдары арқылы бейнеленген сөздерді «экспрессив» деп қолданамыз. Олар тілдік деңгейде негізінен үш тұрғыдан (фонетикалық, лексикалық, грамматикалық) да көрініс береді» [17, 58]. Демек, тілдік қабаттардың әрбір дейгейі тек тілдік қызмет атқарамайды. Сонымен қатар олар адамның сезімін білдіруде, эмоционалды интелектісін көрсетуде, поэтикалық мәтін арқылы субъектілердің қоғамдық және жеке тәжірибиесінен, өмірлік пайымдауларынан туындайтын психологиялық категориялар жүйесін де саралайды.

Қорытынды. Сонымен, поэтикалық мәтіндердегі эмоционалды-экспрессивтік бірліктер адресат пен адресанттың, автор мен оқырманның (тыңдарман) арасындағы психологиялық қатынасты жүзеге асыру қызметтерін атқаратын тәсілдердің бірі. Эмоционалды-экспрессивтік лексикалық бірліктер адамның ішкі жан әлемін, психикалық қалып күйін, мінез-құлқын, психикалық болмысын, өзіне тән тілдік ерекшелігін көрсетеді. Көркем мәтін тілінде эмоционалды-экспрессивтік лексиканың берілуінің өзіндік психолингвистикалық ерекшелігі бар. Көркем мәтіндегі эмоционалды-экспрессивтік бірліктер адамның ішкі сырын, жан-дүниесін, көңіл-күйін, дүниетанымын, ой-өрісін, мінез-құлқын білдіруде субъектілердің психологиялық болмысын айшықтау мақсатында қолданылады. Эмоционалды-экспрессивтік лексиканың қолданысынан субъектілердің өз психикасын өзі бағдарлауы мен психолингвистикалық тілдік ерекшелігін анықтайды.

Көркем мәтін тіліндегі эмоционалды-экспрессивтік лексика индивидтің психикалық жай-күйін, әлеуметтік ортасын, тілдік ерекшелігін көрсететін автор мен оқырман арасындағы лингвопсихологиялық әрекетін зерделей отырып, этнопсихологиялық болмысқа тән психикалық әрекеттерді көрсетеді. Эмоционалды-экспрессивтік бірліктердің поэтикалық мәтін тіліндегі қолданыс аясын саралай келе, эмоционалды-экспрессивтік бірліктерді психолингвистикалық тұрғыда: сүйініш-күйініш, шаттану-шамдану, қуану-қайғыру, масаттану-назалану, сабырлылық-ұшқарылық, ұстамдылық-ұстамсыздық, жағыну-туралық, өткірлік-жалтақтық секілді түрлі психикалық сезім күйлерінің контрасты сипатта берілетіндігі актив тәсілдердің бірі екендігін байқатады.

Қорыта келгенде, поэтикалық мәтіндегі эмоционалды-экспрессивтік бірліктердің психолингвистикалық сипатына талдау жасау арқылы тілдің адам болмысының психологиялық жан әлемін көрсетуде тұлғатанудың мәні мен мазмұнын көрсетеді. Поэтикалық мәтіндегі эмоционалды-экспрессивтік бірліктер арқылы тілдегі адам факторының көрінісін психологиялық,

әлеуметтік, мәдени, биофизиологиялық, тұлғалық аспектіде қарастыруға мүмкіндік жасайды. Осы тұрғыдан келгенде, көркем мәтін тілін психолингвистикалық аспектіде зерделеу – ғылыми қажеттілік саналады. Поэтикалық мәтіндердегі эмоционалды-экспрессивті бірліктер индивидтің психологиялық болмысымен сабақтастықта қарастырылып, оның психолингвистикалық негізінде субъектілердің психикалық болмысы мен этнотаным тұрғысында сарапталуы поэтикалық мәтіндерге лингвистикалық талдау жасаудың жаңашыл сипатын көрсетеді.

Әдебиеттер

1. Гумбольдт В. Язык и философия культуры. – Москва: Прогресс, 2015. – 450 с.
2. Қалиев Ғ. Тіл білімі терминдерінің түсіндірме сөздігі. – Алматы: Сөздік-Словарь, 2005. – 440 б.
3. Лукьянова Н.А. Экспрессивность лексики и фразеологии. – Новосибирск, 2013. – 159 с.
4. Кахиани С.Н. Экспрессивность эмоции человека. – Тбилиси, 2016. – 166 с.
5. Kurmanbekova Z.R., Sarekenova K.K., Oner M., Malikov K.T., Shokabayeva S.S. A Linguistic Analysis of Social Network Communication // International Journal of Society, Culture & Language (IJSCL). Volume 11. Issue 1. 2023. – P. 119-132.
6. Оразов М. Қазақ тілінің семантикасы. – Алматы: Рауан, 1991 – 216 б.
7. Филиппов А.В. Избранные труды по языкознанию. Москва: Наука, 2001. – 241 с.
8. Богословский В.В., Ковалев А.Г., Виноградов А.Д. Общая психология – Москва: Просвещение, 2001. – 383 с.
9. Горбунов А.П. О природе эмоционального и формах его выражения в художественной литературе // Труды Иркутского государственного университета, 1991. Вып. 2. Серия языкознания. – С. 108-114.
10. Темиргазина З.К. Оценочные высказывания в современном русском языке: дисс. ... д.ф.н., 10.02.01. – Алматы, 1999. – 287 с.
11. Хабиева А.А. Тарихи лексиканың мазмұндық құрылымындағы коннотаттық компоненттер (Махамбет шығармашылығы негізінде). Филол. ғыл. канд... дис: 10.02.02. – Алматы: А. Байтұрсынов ат. Тіл білімі институты, 2007. – 124 б.
12. Бизақов С. Көңіл күй лебіздерін білдіретін сөз орамдары. – Алматы: Елтаным баспасы, 2021. – 384 б.
13. Кенжеғалиев С.А., Жакулаев Ә.М. Ділдік лексиконға сипаттама // Қарағанды университетінің хабаршысы. Филология сериясы. №2(94)/2019. – Б. 34-39.
14. Қалиев Ғ., Болғанбаев Ә. Қазіргі қазақ тілінің лексикологиясы мен фразеологиясы. Оқулық. – Алматы: Сөздік-Словарь, 2006. – 264 б.
15. Турдалиева Р.С. Көркем мәтіндегі гендерлік сипат: психолингвистикалық талдау. Филол. ғыл. канд... дис. Авторефераты: 10.02.02. – Алматы: әл-Фараби ат. ҚазҰУ, 2009. – 25 б.
16. Иманалиева Ғ.Қ. Қазақ тіліндегі эмоционалды құрылымдар. – Алматы: Қазақ университеті, 2011. – 255 б.
17. Жонкешов Б.С. Эмоционалды бірліктердің тілдік табиғаты (семантика, сөзжасам, фоносемантика). – Алматы: Мемлекеттік тілді дамыту орталығы, 2009. – 192 б.

**С.А. ЖИРЕНОВ
Г.Р. НУРЕКЕШОВА**

Казахский национальный педагогический университет имени Абая, Алматы,
Казахстан

Ж. НУРСУЛТАНКЫЗЫ

Кызылординский университет Болашак, Кызылорда, Казахстан

ПСИХОЛИНГВИСТИЧЕСКИЙ ХАРАКТЕР ЭМОЦИОНАЛЬНО- ЭКСПРЕССИВНЫХ ЕДИНИЦ ПОЭТИЧЕСКИХ ТЕКСТОВ

Аннотация. В статье всесторонне рассмотрены психолінгвистические аспекты подтекстового смысла употребления эмоционально-экспрессивных единиц в поэтических текстах. Работа направлена на познание психического мира через изучение эмоционально-экспрессивных единиц в поэтических текстах. Посредством определения психолінгвистического характера эмоционально-экспрессивных единиц через язык художественного текста анализируется личностная, качественная, биофизиологическая, психологическая, социологическая, этнокультурная сущности субъекта. Для психолінгвистических особенностей эмоционально-экспрессивных единиц идиоэтнического бытия и раскрытия природы многих языков необходим лингвистический анализ поэтических текстов. В психолінгвистическом аспекте изучение эмоционально-экспрессивных единиц языка проиллюстрированы прагматические компетенции, касающиеся передачи и рецепции эмоций, возникших от подтекста словоупотреблений в казахском языке. В результате психолінгвистических исследований в сфере казахского языкознания, относящихся к современным лингвистическим исследованиям проблем «языка и психологии», выявлено, что такие сферы как этнопсихология, индивидуальная психология и социальная психология основываются на познании и привитии ценностей. Из лингвопсихологической деятельности в качестве примера силы и суггестивности слова в языке всесторонне отображаются психофизиологические понятия как языковое, интуитивное и чувственное восприятие и реакция в познавательном сознании этносообщества в ответ на явления, происходящие в мире. Рассмотрение психолінгвистического значения эмоционально-экспрессивных лексических единиц в поэтических текстах обусловлена существующим на сегодня спросом и считается одной из актуальных проблем в тесной взаимосвязи языка и психологии, языка и чувств.

Ключевые слова: поэтика, язык, текст, эмоционально-экспрессивная лексика, психология, мир души, образ, субъект.

**S.A. ZHIRENOV
G. NUREKESHOVA**

Kazakh National Pedagogical University named after Abai, Almaty, Kazakhstan

Zh. NURSULTANKYZY

Kyzylorda Bolashak University, Kyzylorda, Kazakhstan

**PSYCHOLINGUISTIC CHARACTER OF EMOTIONAL AND EXPRESSIVE
UNITS OF POETIC TEXTS**

Annotation. In the article the psycholinguistic aspects of the subtext meaning of the use of emotional and expressive units that used in poetic texts are comprehensively considered from theoretical and practical points of view. The work is aimed at cognition the mental world related to the human factor in the language through the study of emotional and expressive units in poetic texts. Based on linguopsychological cognition, the article is analyzed the personal, qualitative, bio-physiological, psychological, sociological, ethno-cultural essence of the subject by determining the psycholinguistic nature of emotional and expressive units through the language of literary text. In order to demonstrate the psycholinguistic features of the emotional and expressive units of idio-ethnic existence, the power of the nature of many languages can be disclosed through the linguistic analysis of poetic texts. The emotional and expressive units of the language, pragmatic competencies regarding the transmission and reception of emotions arising from the subtext of inflections in the Kazakh language are illustrated in the psycholinguistic aspect of the study. As a result of psycholinguistic research in the field of Kazakh linguistics related to modern linguistic research on the problems of «language and psychology», it was revealed that such areas as ethnopsychology, individual psychology and social psychology are based on the cognition and instillation of values. From linguo-psychological activity, as an example of the power and suggestiveness of a word in language, psycho-physiological concepts are comprehensively displayed as linguistic, intuitive and sensory perception and reaction in the cognitive consciousness of the ethno-community in response to phenomena occurring in the world. Therefore, the consideration of the psycholinguistic meaning of emotional and expressive lexical units in poetic texts is due to the current demand and it is considered as one of the urgent problems in the close interrelation between language and psychology, language and feelings.

Keywords: poetics, language, text, emotional and expressive lexis, psychology, world of soul, image, subject.

References

1. Gumbol'dt V. Yazyk i filosofiya kul'tury. – Moskva: Progress, 2015. – 450 s
2. Kaliev G. Til bilimi terminlerini tusindirme sozdigi. – Almaty: Sozdik-Slovar, 2005. – 440 b
3. Luk'yanova N.A. Ekspressivnost' leksiki i frazeologii. – Novosibirsk, 2013. – 159 s.
4. Kahiani S.N. Ekspressivnost' emocii cheloveka. – Tbilisi, 2016. – 166 s.
5. Kurmanbekova Z.R., Sarekenova K.K., Oner M., Malikov K.T., Shokabayeva S.S. A Linguistic Analysis of Social Network Communication // International Journal of Society, Culture & Language (IJSCL). – Volume 11. – Issue 1. – 2023. – P. 119-132.
6. Orazov M. Kazakh tilinin semantikasy. – Almaty: Rauan, 1991 – 216 b.
7. Filippov A.V. Izbrannye trudy po yazykoznaniiyu. – Moskva: Nauka, 2001. – 241 s.
8. Bogoslovskij V.V., Kovalev A.G., Vinogradov A.D. Obshchaya psihologiya – Moskva: Prosveshchenie, 2001. – 383 s.
9. Gorbunov A.P. O prirode emocional'nogo i formah ego vyrazheniya v hudozhestvennoj literature // Trudy Irkutskogo gosudarstvennogo universiteta. – 1991. – Vyp. 2. – Seriya yazykoznaniiya. – S.108-114.
10. Temirgazina Z.K. Ochenochnye vyskazyvaniya v sovremennom russkom yazyke: diss. ... d.f.n., 10.02.01. – Almaty, 1999. – 287 s.
11. Habieva A.A. Tarihi leksikanyn mazmundyk kurylymyndagy konnotattyk komponentter (Mahambet shygarmashylygy negizinde). Filol. gyl. kand... dis: 10.02.02. – Almaty: A. Baitursynov at. Til bilimi instituty, 2007. – 124 b.
12. Bizakov S. Konil kuj lebizderin bildiretin soz oramdary. – Almaty: Eltanym baspasy, 2021. – 384 b.
13. Kenzhegaliev S.A., Zhakulaev Ə.M. Dildik leksikonga sipattama // Qaragandy universitetinin habarshysy. – Filologija serijasy. – №2(94)/2019. – B. 34-39.
14. Kaliev G., Bolganbaev A. Kazirgi kazakh tilinin leksikologiyasy men frazeologiyasy. Okulyk. – Almaty: Sozdik-Slovar', 2006. – 264 b.
15. Turdalieva R.S. Korkem matindegi genderlik sipat: psiholingvistikalik taldau. Filol. gyl. kand... dis. Avtoreferaty: 10.02.02. – Almaty: al-Farabi at. QazUU, 2009. – 25 b.
16. Imanalieva G.K. Kazak tilindegi emocionaldy kurylymdar. – Almaty: Kazakh universiteti, 2011. – 255 b.
17. Zhonkeshov B.C. Emocionaldy birlikterdin tildik tabigaty (semantika, sozzhasam, fonosemantika). – Almaty: Memlekettik tildi damytu ortalygy, 2009. – 192 b.

Авторлар туралы мәлімет:

Жиренов Саян Аманжолұлы – филология ғылымдарының кандидаты, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің қауымдастырылған профессоры, Алматы, Қазақстан.

Жиренов Саян Аманжолұлы – кандидат филологических наук, ассоциированный профессор Казахского национального педагогического университета имени Абая, Алматы, Казахстан.

Zhirenov Sayan. A. – Candidate of Philological Sciences, associate professor, Kazakh National Pedagogical University Abai, Almaty, Kazakhstan.

Нурекешова Гүльсим Рахметбековна – филология ғылымдарының кандидаты, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің қауымдастырылған профессоры м.а., Алматы, Қазақстан.

Нурекешова Гүльсим Рахметбековна – кандидат филологических наук, и.о. ассоциированного профессора Казахского национального педагогического университета имени Абая, Алматы, Казахстан.

Nurekeshova Gulsim R. – Candidate of Philological Sciences, associate professor, Kazakh National Pedagogical University Abai, Almaty, Kazakhstan.

Нұрсұлтанқызы Жазира – филология ғылымдарының кандидаты, Қызылорда Болашақ университетінің доценті, Қызылорда қаласы, Қазақстан.

Нурсултанқызы Жазира – кандидат филологических наук, доцент Кызылординского университета Болашақ, Кызылорда, Казахстан.

Nursultankyzy Zhazira – candidate of philological Sciences, Associate Professor, Kyzylorda Bolashak University, Kyzylorda, Kazakhstan.